

Жаз қарсаңында: Қазақстанда 2026 жылғы мамыр айы қандай болды?

Қазақстанда мамыр айы жылы әрі жауын-шашынды болды, кей күндері ауа райы жаздағыдай ыстық болды. Алайда айдың ортасында елдің солтүстігінде, шығысында және орталығында түнгі уақытта ауа температурасы 1–7°C-қа дейін төмендеп, үсік байқалды.

Мамыр айының басы мен соңында республиканың басым бөлігінде ауа райы аномальды жылы әрі негізінен құрғақ болды. Осы кезеңде бірқатар температуралық рекордтар тіркелді.

1 мамырда Павлодар облысындағы Павлодар метеорологиялық станциясында (бұдан әрі – МС) ауа температурасы +29,4°C-қа дейін көтеріліп, 2022 жылғы рекордтық көрсеткіштен (+29,0°C) асты.

6–7 мамыр күндері Ұлытау облысындағы Жезқазған МС-да ауа температурасы тиісінше +33,1°C және +33,8°C болып, 2014 және 2001 жылдардағы ең жоғары көрсеткіштерден (+31,3°C және +31,0°C) жоғары болды.

7 мамырда Қызылорда облысындағы Қызылорда МС-да ауа температурасы +36,7°C-қа жетіп, 2001 жылғы рекордты (+35,0°C) жаңартты.

Сол күні Жамбыл облысындағы Тараз МС-да ауа температурасы +32,1°C-қа дейін көтеріліп, 2015 жылғы рекордтан (+31,4°C) асты. Ал 9 мамырда мұнда термометр бағаны +31,8°C-ты көрсетіп, 2024 жылғы рекордтық көрсеткіштен (+31,3°C) жоғары болды.

31 мамырда Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавл МС-да ауа температурасы +35,0°C-қа жетіп, 83 жыл бұрынғы (1943 жыл, +33,6°C) рекорд жаңартылды.

Сол күні Қарағанды облысындағы Қарағанды МС-да ауа температурасы +33,7°C болып, 1952 жылғы ең жоғары көрсеткіштен (+33,0°C) асты.

Батыс, солтүстік-батыс және оңтүстік өңірлерде циклондардың жиі өтуіне байланысты ауа райы құбылмалы болып, қатты жауын-шашын жауды.

Мысалы, Алматы облысында бірқатар метеостанцияларда өте қатты жаңбыр тіркелді: 3 мамырда Іле автоматты метеорологиялық станциясында (АМС) 44 мм жауын-шашын түсті. 4 мамырда Қырғызсай МС-да 66 мм жауын-шашын түсіп, айлық нормадан (норма – 56 мм) асты. 10 мамырда Алматы МС-да 39 мм жауын-шашын түсті (айлық норма – 99 мм), ал Алматау АМС-да – 33 мм. 11–12 мамыр күндері Түрген АМС-да 33 мм жауын-шашын тіркелді. 22 мамырда Каменское плато МС-да 31 мм жауын-шашын түсті (айлық норма – 139 мм).

22 мамырда Жамбыл облысындағы Шоқпар МС-да да өте қатты жаңбыр жауып, 36 мм жауын-шашын тіркелді (айлық норма – 35 мм), ал Мерке МС-да 32 мм жауын-шашын түсті (айлық норма – 56 мм).

Астана қаласында мамыр айындағы орташа ауа температурасы +17,1°C болып, климаттық нормадан 2,6°C жоғары болды (норма – +14,5°C). Ең жоғары ауа температурасы 31 мамырда тіркеліп, +33,8°C-қа жетті. Ал ең төменгі температура 12 мамырға қараған түні байқалып, +1,3°C болды.

Ай ішінде 18 мм жауын-шашын түсті, бұл айлық нормадан аз (айлық норма – 33 мм).